



ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 45/430
13 ноября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

Нұрлы жол – болашақ бастар жол

Исполняя поручения Президента

ЖОЛ БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БАР



«...Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады...», - деп Елбасы Жолдаудың ең басты түйінін айқындап берді. Өз басым бала кезімнен темір жол бойында өсіп, болашақ мамандығымды да темір жол бағытына таңдап, осы салада ұзақ жылдардан бері қызмет етіп келе жатқандықтан, жол бойындағы жұрттың тұрмыс-тіршілігінің жақсы болатынын жақсы білемін. Осы мақалада Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жолға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша талдау жасап көрмекімін.

Байқап отырғанымыздай, Қазақстан үшін көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту аса маңызды. «Нұрлы жол» бағдарламасының нәтижесінде 2019-жылға дейін ірі қалалар арасындағы жолға кететін уақыт үштен бірге қысқарады деп болжанып отыр. Мұнымен қатар, көлік инфрақұрылымын ауқымды модернизациялау 2020-жылға қарай жүк айналымын 1,6 есе және транзиттік жүк тасымалы көлемін екі есе арттыруға мүмкіндік бермек. Жалпы, бағдарлама бойынша 15 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру көзделген. Республика бойынша бес жылда 7 мың шақырымнан астам тасжол қайта жөнделіп, салынуы тиіс. Оның қатарында Батыс Еуропа – Батыс Қытай, «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Шығыс», «Орталық-Батыс», Алматы-Өскемен, Қарағанды-Жезқазған-Қызылорда және Атырау-Астрахань бағыттары бар. 2015-жылы аталған жобаларды іске асыруға 270 млрд теңгеге жуық, оның ішінде Ұлттық қордан 178 млрд теңге қаржы бөлінді. Жалпы, биылғы жылдың соңына дейін 600 шақырым автомобиль жолын пайдалануға беру жоспарланған.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі – Қытайдан Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа әрі тиімді жолы. Бұл қашықтықты аталған көлік дәлізімен жүріп өтуге 10 күн қажет, ал теміржол арқылы 15 күн жұмсалатын болса, теңіз арқылы бұл қашықтықты бағын-

дыруға бір жарым ай уақыт керек. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистралінің қазақстандық учаскесінің ұзындығы 2 787 шақырымды құрайды. Биылғы жылы жобаны іске асыруға 74,4 млрд теңге бөлінді. 2015-жылдың соңында Тараз қаласының айналма жолын қоса есептегенде ұзындығы 183 шақырым болатын Шымкент-Тараз учаскесі ашылады. Ал Шымкент-Ташкент және Алматы-Қорғас жолдары 2016- жылы іске қосыла- мақ.

«Орталық-Батыс» жобасына тоқталсақ, бүгінде ұзындығы 470 шақырым болатын Бейнеу-Ақтау жолы жөнделіп жатыр. Жалпы, жобаның құны – 540 млрд теңге. Астана-Қарабұтақ, Ақтөбе-Мақат және Атырау-Астрахань учаскелерін жөндеуге қажет қаражатты халықаралық қаржы институттарынан алу көзделген. Бұдан бөлек, «Алматы-Өскемен» жобасы бойынша қазіргі уақытта Қашағай-Талдықорған жолы салынууда. Астана-Петропавл жолын да жоспарға сәйкес жөндеу межеленген. Тұтастай алғанда, бұл жолдар еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстыратын болады. Сөйтіп, жүк тасымалы жеделдеп, өседі және ел арқылы өтетін транзит көлемі артады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа жолдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңғыртып, дара даму таңғылына бастайды. Маңыздысы, тек осы бағытта ғана жаңадан 200 мың жұмыс орны құрылуы тиіс. Биылдың өзінде 70 мыңнан астам адам жол жөндеу жұмыстарына тартылды.

Арнайы экономикалық аймақтың құрғақ порты іске қосылғалы 10 мың контейнерден астам жүк өңделген. Биылғы жылдың соңына дейін осы бағдарда 42 мың контейнер тасымалданбақ, бұл 2011-жылғы деңгейден 40 есеге артық. Қазақстан Президентінің Қытайға мемлекеттік сапары барысында «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы мен ШЫҰ-ның халықаралық логистикалық аймағы жобаларын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық келісіміне қол қойылған болатын. Құжатқа сәйкес, Қытай тарапы 5 жыл ішінде Қорғасты дамытуға инвестиция бағыттады. Оның алғашқы кешенін 2016-жылдың желтоқсанында пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде халық шаруашылығы тауарлары, астық, мұнай өнімдері бар.

Жол бойындағы жүріп жатқан қызу жұмысты көріп, еліміздің болашақ жарқын өміріне деген сенімім арта түседі. Біз бүгінгі болып жатқан қиындықтардан қорықпауымыз керек. Бұның бәрі өткініш және біздің экономика саласында тиісті жұмыс істеуге, өз еліміздің өндірісін дамытуға, өзге елдерге тәуелді болмауға үйретеді.

Амандық СЕРИКОВ,
облыстық мәслихат депутаты

Отан – отбасынан басталады

ШАҢЫРАҚТАР ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК...

«Үйлену оңай, үй болу қиын» деген атам қазақ отбасын құру салтына үлкен мән берген. Отбасын құрған екі жасқа ауыл ақсақалдары шаңырақтарының шайқалмауын тілеп, ақ баталарын жаудырып жатады. Бетін ашан кезде жыршы жас келінге арнап насихат, ақыл-кәсіпін айтып, келіп түскен шаңырағымен және күйеуінің жақын-жуықтарымен таныстырып, сәлем салдырады. Бұл ұлттық дәстүр мен қазақи қағидалар, жөн-жоралғылар жас келіннің құлағына сіңіп, алдағы жұбайлық өміріне бағдар, кісілік ұстаным болып қалуы тиіс. Әрбір жас шаңырақ осындай дәстүрді көріп-білгенде ғана болашақта берік отбасылық өмір сүреді деп пайымдаймыз. Өкінішке қарай, қазіргі таңда неке кынып, отбасын құрғандарға қарағанда ажырасқан отбасылар қатары көбейіп келетіні өкінішті және ұлт болашағына қауіп тудыратын жағдай екені жасырын емес. Отбасындағы бірлік пен берекені сақтау үшін екі жақтың да міндеті екендігін естен

шығармауымыз керек. Біз бұл мақаламызда ажырасулардың себеп-салдарын бүгінгі күннің ережелерімен талқыламай, өзіміздің қабылдаған дініміздің қағидаларына сүйене отырып сөз етпекпіз. Ислам дінде әйел мен ер адамның міндеттері ажыратылып көрсетілген. Осы мәселе төңірегінде сөз қозғап көрелікіші.

Шаңырақ көтерген әрбір мұсылман ер мен әйел сол ошаққа жауапты екендіктерін терең сезініп, ислам дінінің бұйрықтары шеңберінде отбасын құруға міндетті. Бұған өмірлік қол ұстасқан жастардың екеуі де жауапты. Дініміз бекіткен өміршең қағидаларды сақтап, әркім өз міндеті мен жауапкершілігін біліп, соны атқаруға талпынғанда ғана отбасының түтіні тұзу шығып, шаңыраққа шаттық орнайды. Қасиетті Құран Кәрімнің Бақара сүресінің 228-аятында: «Ерлердің әйелдерде ақысы болғаны секілді, әйелдердің де ерлерде жақсылықпен өтелетін ақылары бар.

ПИСЬМА ЖИТЕЛЕЙ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ, ПОСТРАДАВШИХ ОТ ВЕСЕННИХ ПАВОДКОВ

Многочисленные письма в адрес Президента Казахстана содержат слова благодарности новоселов.

«Тогда, шесть месяцев назад, большинство из нас остались в буквальном смысле без крыши над головой. Все то, что мы копили многие годы, строили по крупицам день ото дня, в одночасье было превращено в страшное месиво и стало совершенно непригодным. У многих из нас на руках были маленькие дети, старики», - говорится в письмах.

Жители подчеркнули, что Глава государства в этой ситуации откликнулся на беду, не оставив их наедине с проблемами.

«Мы получили денежную компенсацию. Тех, кто остался без жилья, стали расселять по общежитиям, съемным квартирам. Тут же со всех концов нашей страны стала поступать помощь медикаментами, теплой одеждой, продуктами питания. И, конечно, когда к нам пришли работники акиматов и сказали, что по Вашему поручению этой осенью нам будут построены новые дома, в наших сердцах зародилось огромное чувство радости», - пишут авторы.

При этом новоселы поделились своими переживаниями относительно реализуемости поручения из-за коротких сроков исполнения.

«Но сегодня, когда мы сидим в новых, теплых, уютных домах, которые намного лучше наших прежних, и нам не страшно приближающийся холода, мы понимаем, насколько не обоснованы были наши опасения. Напрасно было сомневаться, когда Вы лично приняли



участие в нашей судьбе. Вы еще раз доказали, что для Вас нет важнее задачи, чем благополучие граждан», - говорится в письмах.

Қарағандика область стала наиболее пострадавшим регионом в результате весенних паводков в текущем году. Из-за стихии 449 домов были признаны непригодными для проживания, пострадало 2017 семей. В рамках поручения Главы государства в области была организована работа по оказанию им помощи. На эти цели из бюджета ушло почти 720 миллионов тенге. Кроме того, 70 миллионов собрали спонсоры.

Уже 5 мая было начато активное строительство новых домов, а 3 июня первые дома сдали в поселке имени Габидена Мустафина (на фото), в котором по официальным данным проживают около 4000 человек.

Источник: www.akorda.kz
с использованием материалов tengrinews.kz

Сонимен қатар, ер адамдар міндеттері мен жауапкершіліктеріне қарай бір сағаты жоғары тұратыны айтылады. «Алла өте үстем, асқан дана», - деп, әйел мен еркектің бір-бірінің алдында міндеттері, жауапкершіліктері бар екенін жалпылай білдірген.

Ең алдымен ерлі-зайыптылар арасында бір-біріне деген сүйіспеншілік орнауы маңызды. Отағасы отбасының тамағын, киімін және басқа да қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін еңбектенуі қажет. Алланың елшісі (с.ғ.с.) бір сөзінде: «Жегендеріңнен оларға да жегіңдер, киінгендеріңдей оларды да киіндіріңдер», - деген. Отағасы отбасының діни және адамгершілік міндеттерді орындауына жәрдемші, ұйытқы болып, кемшіліктерін толықтырып отырғаны дұрыс. Алла Тағаланың разылығына бөленгісі келген мұсылман өз әйелін жәбірлемейді. Ер адам әйеліне нәзік, жұмсақ болып, дөрекі болмауы және ренжітпеуі керек. Бұл жайында сүйікті Пайғамбарымыз былай дейді: «Мүминдердің ішінде иманы ең кәміл дәрежеде болғандар – мінез-құлқы көркем болғандар. Сендердің іштеріңдегі ең жақсы адам-әйелдеріңе жақсы қараған адам».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні сахабаларына: «Адамдардың ең жаманы – отбасына қиыншылық көрсеткен кісі», - дейді. Сонда сахабалар: «Уа, Алланың елшісі, отбасына қиыншылық көрсету дегенді қалай түсінеміз?», - дегенде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұндай адамды былай деп суреттейді: «Ол адам босағадан аттағанда әйелі үрейленеді, балалары қорқып, қашады. Үйінен шығып кеткенде әйелінің жүзі жадырайды, отбасы мүшелері кең тыныс алады». Мұсылман адам, хадисте айтылғанындай, үйіне келгенде әйелі мен бала-шағасының жүрегіне үрей ұялататындай содыр мінезді болмауы тиіс. Керісінше ұл-қыздары сағына тосатын, табалдырықтан енгенде жұбайы күйеуінің амандығына шүкіршілік айтатын, балалары қуанып, мойнына асыла кететін сыйлы отағасы болғаны жөн болмақ. Мұның бәрі ер кісінің мейіріміне, мінез-құлқының жайдарлығына байланысты. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ер азаматтарды осындай мінезге шақырып, былай дейді: «Жұмсақтық пен сыпайылықтан мақұрм

болғандар жақсылықтан да құр алақан қалады». Әйел күйеуіне сүйіспеншілік көрсетіп, құрметпен қарауы тиіс және үй шаруасында, бала тәрбиесінде жұбайына жәрдемші болуы керек.

Екі жақты үй болуға даярлау – олардың ата-аналары үшін ұлын ұяға, қызын қияға қондыру болып табылатын аса маңызды міндет. Әрбір қалыңдық – болашақ ана. Ол өз өмірінің жалғасын, ертеңгі елді құрайтын және соған ие болатын ұрпақты өмірге әкеледі. Ұрпақ тәрбиесі жұбайлардың екеуіне де ортақ парыз. Әйелдің үнемілік болуы, жұбайының тапқанын ысырап етпей, үйге ие болуы отбасының іргесін бекіте түседі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Тіршілігінде ерін разы еткен әйел бақилық болғанда жаннатқа кіреді», «Әйел бес уақыт намазын оқып, Рамазан оразасын ұстаса, арнамысын сақтаса және күйеуіне бағынса, ол жәннаттың қалаған есігінен кірсін делінеді». Ер кісінің қосағына сыпайы болуы – Алла Тағаланың бұйрығы. Жаратқан иеміз Құранда: «(Уа, иман келтіргендер!) Олармен жақсы қарым-қатынаста болып, тағу-тәтті өмір сүріңдер. Егер оларды ұнатпай қалсаңдар, сабырлық танығыңдар, қайдан білесіңдер, бәлкім, сендер ұнатпаған нәрсе Алла Тағала көптеген жақсылықты жазып қойған болар», - дейді. Ардақты Пайғамбарымыз да: «Әйелдеріңе ізгілік пен туралықты насихаттаңдар. Олармен жақсы тұрыңдар, жақсы қараңдар», - деген. Отбасының іргесін шамадан келгенше берік ұстау қажет. Алла Тағаланың елшісі (с.ғ.с.) бір хадис шарифінде: «Рұқсат етілген істердің ішінде Алла Тағалаға ең сүйкімсіз іс – талақ», - деп, үмметіне шаңырақты бұзбауды кеңес еткен.

«Түндігі бүгін, түтіні тұзу» отбасы болуы үшін ер мен әйелдің бір-біріне сыйластықпен қарауы маңызды. Тағу-тәтті отбасында тәрбиеленген балалардың болашақтары баянды болатындығын ұмытпайық. Алла-Тағала әр отбасыға бақыт пен береке нәсіп етсін! Осы баяндалған фибраттан бір кісі үлгі алып, оны жолдасына айтып берсе, оған Алланың нұры жауады және сауап іс еткен болып саналады.

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

НОВЫЙ АЛГОРИТМ ГОССЛУЖБЫ

Совсем недавно Сенат Парламента страны принял законопроект «О государственной службе». О новом законопроекте, направленном на дальнейшее улучшение системы государственного управления, мы попросили рассказать заведующего секретариатом дисциплинарного совета Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции в Карагандинской области Берика Ахметова.

Справочно. Ахметов Б.М. - заведующий секретариатом Дисциплинарного Совета Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции в Карагандинской области. Окончил КарГУ и КЭУ по специальностям «юрист», «учет и аудит». В Управлении по делам государственной службы работает с 2012 года, до этого 25 лет прослужил в органах прокуратуры, являлся прокурором ряда городов и районов Карагандинской области.

В проекте закона, одобренного Парламентом страны и находящегося сейчас на рассмотрении Президента, нашли свое отражение основные механизмы внедрения принципа меритократии, а также усиления мотивации и повышения профессионального уровня персонала государственных органов. Как известно, в предложенной Главой государства Нурсултаном Назарбаевым программе «План нации - 100 шагов» особое внимание уделено формированию эффективного государственного аппарата. Поэтому закон содержит конкретные механизмы по реализации всех шагов по реформированию системы государственной службы, - подчеркивает Б.Ахметов. По его словам, новая редакция закона закладывает востребованные временем преобразования, направленные на дальнейшее развитие и наращивание кадрового потенциала государства, повышение конкурентоспособности страны в мировом масштабе. К слову, проект Закона «О государственной службе» состоит из 69 статей, тогда как в действующем законе их 30. В законопроекте пересмотрены многие элементы системы государственной службы. Так, принципиально меняется процедура поступления на государственную службу. В частности, впервые поступающие будут

начинать с низовых должностей, при этом претенденты проходят несколько этапов отбора. Это тестирование на знание законодательства, комиссионное интервью для оценки приверженности ценностям государственной службы, и проводимое в Агентстве, а также собеседование в государственном органе по профильным знаниям.

Обязательное требование для впервые поступивших на государственную службу - установление трехмесячного испытательного срока. При неудовлетворительном результате испытательный срок продлевается еще на три месяца без последующего продления. Кроме того, дальнейшее карьерное продвижение будет проходить на основе внутреннего конкурса среди работников госоргана, имеющего вакансию. При отсутствии подходящих кандидатов конкурсе объявляется уже среди всех государственных служащих других госорганов. Для отдельных действующих госслужащих в рамках профессионального развития будет применяться ротация. Предусматривается обязательное повышение квалификации государственных служащих не реже одного раза в три года с целью развития их компетенций.

Изменения коснутся оплаты труда госслужащих. Так, заработная плата будет состоять из гарантированной части, определяемой с помощью факторно-балльной шкалы, и бонусов, выплачиваемых по итогам выполнения годовых планов. Таким образом, все это свидетельствует о переходе на карьерную модель государственной службы.

Кроме того, Берик Ахметов отметил особое значение Послания «Нұрлы жол - путь в будущее», в котором Глава государства объявил о новой экономической политике, тем самым положив начало реформам.

«Чтобы реализовать новые подходы в управлении экономикой, возникла необходимость в обеспечении государственного аппарата высокопрофессиональными, компетентными и патриотичными кадрами, способными к прогрессивному мышлению и приверженными принципам госслужбы, - отметил Берик Мухамеджанович.

Дулат Аубакиров

Жаманнан жирен!

МӘҢГІЛІК МАСЫЛДЫҚ

Өмір болғасын, ағы мен қарасы, жарығы мен қараңғысы, қуанышы мен қайғысы... араласып жүретіні рас қой. Жақсымен де, жаманмен де араласың. Кей отырғанда әңгімең мәнді де, мағыналы болып, еңсенді езген ауыр салмақтан арылып, көңілің жадырап қалса, кейбір сұқбаттың санаңды сансыратып қана қоймай, жаны мен жүрегіңе салмақ салатыны да жасырын емес. Көптен көрмеген бір көкемізбен біраз көкігіміз бар. Олай дейтінім, екеуара соққан әңгімеміздің берекесі, дәмі болмады. Әйтеуір, маған солай көрінді. Оның себебін сіздермен бөлісіп көрейін...

Көкеміз құрдымға кеткен кеңес өкіметінің бар қызығын бір кісідей емес, бірнеше кісідей көрген адам. Жалғанды жалпағынан басып, өз қалауымен өмір кешкендігін осы сұқбат қатарына қосқымыз-ақ келеді. Көпті көрген адам көп білуші еді, ақыл-ойы озық болушы еді. Көргені мен білгені ізінен ергендерге ғибрат, өнеге етіп айтар еді. Жоқ, олай емес. Бұл кісі қазіргі жасап жатқан өміріне тіпті де разы емес екен. Кеңес өкіметін асты-үстіне түсіп мақтайды келіп... Мейлі ғой, мақтасын-ақ. Кім қой десін. Ол өкіметтің де жақсылығы болды, қаншама адам сол кезде көгеріп-өсті. Атағы жер жарар, мадаққа лайық тұлғалар болды. Бұл көкеміз де сол дәуірдің дархан дәуренін сүрген екен. Оған кім қарсы? Әңгіменің бір тұсында «Газетке жазылдыңыз ба?» деп сұрадым да, жүзіне бажайылай қарадым. Ол кісі біртүрлі жаман сөз естігендей емес қалың орманнан аю атып шыққандай селт ете қалды.

— Неге жазыламын, кеңсеге келеді ғой, —

деді.

— Жазылып қойғанның артығы болмайды, өзіңіз болмаса да, бала-шаға бар ғой, солар оқып, біраз мағлұматтардан, жаңалықтардан хабардар болып отырады дегендей, — дейміз үлкен кісінің көңіліне қараған сыңай танытып. Кезінде атынан ат үркетін қызметтерде болған көкеміздің қазіргі жағдайы да сорлы емесін, жекешелендіру кезінде қолындағы билігінен пайдалана отырып, жамбасқа келген жылы-жұмсақ пен болашақта өзіне пайда түсіретін дүние-мүлікті жекешелендіріп алғанын, қазір соның жілігін сорып отырғанын жақсы білеміз. Бірақ, баяғы сол өзі мақтап отырған кеңес өкіметінен қалған әркімнен сый күту әдетінен арылмаған екен. Өмірі бір кітапты тауысып оқымаған, өз қалтасынан ақша шығарып тамақ ішпеген адаммен келісімге келу қиын, әрине. Оған газетті де біреу жаздырып беруі керек, соғымды да біреу алып беруі керек, лағы болса, бәтіңкесін де біреге тазалаттыру керек т.б. Болмаса төрт бірдей отбасы болған таскендей ұлы бар. Сол төрт ұлына бар-жоғы төрт дана ұлттық басылым жаздырып беру қазіргі зейнет жасының өзінде белді мекемеде қызмет істейтін, жалақысынан басқа қолының ептілігімен қосымша табысы жетіп-артылатын кісіге түкке де тұрмайды ғой.

«Ұлттық басылымға жазылғаның, ұлтқа қызмет еткенің» деп «көпті көрген» кісіге ділмәрсіп кеңес айтып отыру да қисынға келіңкіремейді екен. Өкінішке қарай, әлі де баяғы масылдық пияғыл мен кісінің қолына қарайтын елармандық әдеттен арыла алмай жүрген осындай жандардың жаман қылығы қазіргі жастарға жұғып кете ме деген қорқыныш бар көкейде!..

Н.ӨТЕП

СОСТОЯЛОСЬ ЗАСЕДАНИЕ КОМИССИИ

11 ноября текущего года в здании акимата города Приозерск состоялось заседание городской комиссии по работе Информационно-пропагандистской группы города, в работе которой, наряду с членами комиссии, приняли участие и представители местных СМИ.

Под председательством заместителя акима города Приозерск Казиевой Б.А. были рассмотрены два вопроса: работа ИПГ за 10 месяцев 2015 года и о реализации государственной программы инфраструктурного развития «Нурлы жол» на 2015-2019 годы в рамках реализации Плана нации- 100 конкретных шагов в рамках пяти институциональных реформ Главы государства.

По первому вопросу, руководитель отдела внутренней политики, культуры и развития языков города Шарбекова Г.К., доложила о проделанной работе за прошедший период. В частности она отметила, что в целях разъяснения и пропаганды, а так же реализации Послания Президента 11 ноября 2014 года постановлением акима города № 5/5 были созданы три информационно-пропагандистские группы, в состав каждой группы входило по 15 членов. Членами групп были проведены круглые столы, семинары, встречи и другие мероприятия по обсуждению и разъяснению населению основных направлений Послания Президента народу Казахстана. Информационная поддержка ИПГ осуществляется публикации в областных газетах «Орталық Қазақстан» и «Индустриальная Караганда», а так же в городской газете «Приозерский вестник». В городе были установлены банеры по пропаганде Послания Президента.

Выступившая с докладом по второму вопросу руководитель отдела экономики и финансов города Струментова Н.М. отметила, что Государственная программа инфраструктурного развития «Нурлыжол» на 2015–2019 годы утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 1030 и разработана в целях реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 11 ноября 2014 года «Нұрлыжол - путь в будущее». Целью госпрограммы являются формирование единого экономического рынка путем интеграции макрорегионов страны на основе выстраивания эффективной инфраструктуры на хабовом принципе для обеспечения долгосрочного экономического роста Казахстана, а также реализации антикризисных мер по поддержке отдельных секторов экономики в условиях ухудшения конъюнктуры на внешних рынках. Программа направлена на создание единого экономического рынка Казахстана путем формирования макрорегионов страны с определением Алматы, Астаны, Актөбе, Шымкента и Усть-Каменогорска, как городов-хабов национального и международного уровня.

В целом реализация Программы через увеличение государственных инвестиций в развитие инфраструктуры и поддержку предпринимательства будет способствовать экономическому росту не только в краткосрочной перспективе, но и создаст предпосылки для устойчивого роста в долгосрочной перспективе.

Б. Алшынбекұлы

Новости спорта

ТУРНИР ПО РУКОПАШНОМУ БОЮ НА КУБОК ВЕРХОВНОГО ГЛАВНОКОМАНДУЮЩЕГО РК

В Астане впервые ко Дню Первого Президента РК в спортивном комплексе «Даулет» проходит I Открытый республиканский турнир по рукопашному бою среди мужчин на Кубок Верховного Главнокомандующего Республики Казахстан.

В состязаниях принимают участие 25 сборных команд, 12 из которых представляют силовые структуры, а также команды из всех регионов Казахстана в 9 весовых категориях. Первый открытый республиканский турнир собрал плеяду титулованных спортсменов. В их числе — 1 заслуженный мастер спорта, 9 мастеров спорта международного класса, 37 мастеров спорта, призеры чемпионатов и обладатели различных разрядов.

В рамках данной госпрограммы в городе продолжается работа по реконструкции очистных сооружений канализационных стоков за счет средств республиканского и областного бюджета. Реализация проекта позволит подвергать очистке канализационные стоки и оборотную воду использовать для полива зеленых насаждений. На этот год выделено 575 млн. тенге. Предусмотрены средства в областном бюджете в сумме 25 млн. тг. на продолжение разработки ПСД на реконструкцию канализационных перекачивающих станций (РНС и СПСВ) и самотечного коллектора.

А также, при уточнении бюджета было выделено 800 тыс. тг. на установку насоса подкачки воды для многоэтажного жилого дома



по ул. Б. Момышулы 3. На сегодняшний день отремонтировано 11 пустующих квартир, находящихся в коммунальной собственности по ул. Космонавтов, 1/2, Кисунько, 15/1, Кисунько 4/1 и ул. БСА 34 для выделения их стоящим в очереди жителям города. Было проведено и получено заключение по техобследованию среднего корпуса по ул. Б. Момышулы, 3 на сумму 1 669 тыс. тг. за счет городского бюджета. Из областного бюджета выделено 32 893 тыс. тг. на погашение кредиторской задолженности перед подрядной организацией на реконструкцию жилого дома по ул. Космонавтов, 1, введенного в эксплуатацию в декабре месяце 2014 года. Кроме того из городского бюджета предусмотрены средства в сумме 601 тыс. тг. на оформление земельного участка для строительства ИКИ для подключения проектируемых жилых домов по ул. Транспортная и корректировки ПСД строительства ИКИ к жилому дому Весенняя 1.

Президентом страны в Послании «Нурлы Жол – путь в будущее» обращено внимание на решение вопроса по аварийности школ. В 2015 году из городского бюджета выделены средства в сумме 2 800 тыс. тг. на разработку ПСД на усиление несущих конструкций здания СШ № 1 и начатую в 2014 году разработку ПСД на строительство 3-го блока к детскому саду «Балбоке» в сумме 2 392 тыс. тг. В рамках программы энергосбережения по дороге к новому детскому саду «Балакай» установлено 15 опор уличного освещения на солнечных панелях, изготовленных методом горячего цинкования, мощностью 42 Вт на сумму 2 518 тыс. тг.

По итогам обсуждения вышеуказанных вопросов городской комиссия приняла решение по улучшению работы ИПГ и продолжению работы по реализации государственной программы инфраструктурного развития «Нурлы жол» на 2015-2019 годы.

источник: <http://www.sports.kz>



ОРТАҚ ҮЙІМІЗГЕ ОҢ КӨЗБЕН ҚАРАЙЫҚ!..

Адамның адамилық қасиеті – киім киісі мен жүріс-тұрысынан байқала қоймайды. Әрбір адам оны істеп жүрген әрекет-қылығымен байқатады. Қазақта: «Адам аласы ішінде, қой аласы сыртында», деп бекер айтылмаған. Өзі тұрып жатқан қала мен тұрғын үйінің, өз ауласы мен кіреберісінің тазалығына бейжай қарайтын тұрғындарды қай топқа жатқызымызды білмей дал боламыз. Күнделікті өмір қажеттілігінен артылған тұрмыстық қалдықтар мен құл-қоқыстарын тазалауға аула тұрғындары неге соншалықты құлықсыз! Қазіргі таңда қоғамда үлкен алаңдаушылық тудырып отырған мәселелердің бірі – көпқабатты тұрғын үйлердің айналасының санитарлық талапқа сай еместігі. Ғалымдардың зерттеуінше, адамдар күн сайын тау-тау қылып құл-қоқысқа тастайтын пластмасса құтылар жер бетінде 500 жылға дейін, ал кәдімгі полиэтилен пакеттері 200 жылдан астам уақыт бойы шірмей жатып алады екен. Ал, консерві қалбырлары мен шыны сынықтары 1 мың жылға дейін жер қойнауын ластап, «жегі құртша» топырақ құнарын жеп жататынын ескерсек, бүгінгі айналамыздағы аяқ алып жүргізісі болып жатқан қоқыстар ертеңгі күні өз денсаулығымызға, өмірімізге үлкен қауіп! Тұрғындардың өзі тұратын ауланың тазалығына немқұрайлы қарайтынын біз де байқап жүрміз.

Қоқысқа қатысты бұл алаңдатар жағдай бір үй төңірегінде ғана емес, өзге де бірнеше көп

қабатты үйлердің барлығының тұрғындарына тікелей қатысты. Қазір осындай көпқабатты үйлердің пәтерлері жекешеленіп, пәтер иелерінің меншігіне өткен заман. Подъездің ішіне кіргеннен бастап, көтеріліп-түсетін баспалдақтар, желдесаты, іштегі қабатаралық алаңқайлар, подъездің ішкі, сыртқы қабырғалары, сыртқы есік пен қабатаралық терезелері заңды түрде сол үйде тұратын әрбір тұрғынға ортақ орындар болып табылады. Ендеше бұл орындардың тазалығына үйдің барлық тұрғындары жауапты. Алайда, кейбір тұрғындардың подъездің ішін аптасына бір рет сыпырмақ түгілі, айлап-жылдап тазаламайтынын көзбен көріп жүрміз. Үйіндегі қоқысты шығарып, подъездің іші мен сыртына үйіп қоятын тұрғындар да баршылық. Жоғарғы қабатта тұратын кейбір тұрғындар балконның терезесінен қоқысты сыртқа тастай салатын күйге жеткен. Шемішкенің қабықтары мен темекінің қалдықтарын, босаған сыра құтыларды мен арақ-шарап бөтелкелерін жол-жөнекей қалаған жеріне тастай салатын әкешелерін көріп жүрген балалардың да аузындағы сағызын, кәмпитінің қағазын тастай салуы ешкімді алаңдатпауда. Қоқыс тастап жатқандарды көзбен көріп тұрып, орынсыз әрекетін бетіне басаң, өзің жау көргендей бақыра қарайтынын қайтерсің?! Өзіміз тұратын 9 қабатты үйдің бәрінде тұрғындар бар. Талай

мәрте ортадан ақша жинап, есік салдыру, ішін жөндеу, айналасы мен сатыларды тазалап тұру жайын айтқанмен, бірі «біз көшеміз», біреуі «қазір ақша жоқ...», бәзбірі жауап қатпай жігерінді құм қылады. Алпысты алқымдаған әйел пәтерінен алып шыққан қоқыс қалтасын желдесатының қасына қойып бара жатқанын көріп қалып, құқық қорғаушыларды шақыруға әрекеттенгенімде, жылдарман күйде кешірім сұрап жатты. Енді қайталамайтынын айтып жалынды. Үп-үлкен адам осыны жасағанда, балалардан не күтеміз?! Қоқыс жәшігіне екі қадам келіп, лақтырған қалтасы далаға түсіп жатқанына қарамайтынды да көріп, жағамызды ұстадық...

Кейінгі кезде сенбілік тазалық жұмыстарына тек қана мекеме қызметкерлерінің ғана жұмылдырылып, ал аула, көше тұрғындарының оған ат салыспайтынын, үйлерінен шықпай бейғам қарап отыратынын көріп жүрміз. Сондай сенбілікті тұрғындардың қатысуымен ұйымдастыруды қолға алу, қатыспаған жағдайда шара қолдану әдісін қолдану керек секілді. Көңілімізді қобалжытқан осы жағдайлардың себебін анықтау және оң жолға қоюға үлес қосу үшін әрбір саналы азамат айналаға байыппен қарауы және басқаларға үлгі көрсетуі, әлгіндей теріс әрекетті көргенде бүгіп қалмай, тиісті орындарға айтуы немесе шағым-дануы қажет деп санаймын.



Жаңадан орнатылған 9 қабатты үйлердегі желдесатының кейбір тұрғындардың балалары ойын көлігіне айнал-дырса, кейбіреулер есігіне кірпіш қойып, қалауынша жүк толтырып, жиі бұзылатын жағдайға жеткізді. Оларға қатаң шара қолданылып жатқанын көрмек түгілі, естімедік те. Бұндай адам деген атқа лайық емес әрекеттерді тәрбиесіздік, ұятсыздық, арсыздық, жауапсыздық... дейміз бе, не дейміз?! Ортақ игілігімізге пайдаланып отырған ортақ үйімізге немқұрайлы қарайтын, бұзу мен бүлдіруге бейім осындай хайуанға ғана тән іс-әрекетке баратындарға қандай шара қолданса да аз болатын шығар!..

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Осторожно, инфекция!

ГРИПП

Эта инфекция по-прежнему остается самой распространенной на земном шаре. В Казахстане ежегодно регистрируется более миллиона случаев гриппа и других острых респираторных вирусных инфекций – ОРВИ приходится около 40 % дней временной нетрудоспособности, что свидетельствует о социальной значимости гриппа.

Эпидемический сезон по ОРВИ и гриппу в Республике Казахстан ежегодно приходится на осенно-зимний период и наблюдается с октября по апрель, и учитывается более одного миллиона случаев заболевания ОРВИ и от 30-45 тысяч случаев гриппа.

Грипп передается вирусом, попадающим в воздух от больного при кашле, чихании или разговоре.

Основные признаки: озноб, повышение температуры до 38-40 С, головная боль, слабость, ломота во всем теле, суставах, отсутствие аппетита, заложенность в носу,

слезотечение, охриплость голоса, кашель, герпес на губах.

Осложнения: пневмония, бронхиты, осложнение со стороны нервной и сосудистой систем, а также обострение хронических заболеваний.

Одним из важных противоэпидемических мероприятий является своевременное выявление больных, полноценное лечение, своевременная изоляция больного, противоэпидемические мероприятия в очаге: т.е. выделение для больного отдельной посуды, предметов личной гигиены, дезинфекция их.

Основной способ профилактики гриппа и предупреждение постгриппозных осложнений является вакцинация и в первую очередь это лица с группы риска: ослабленные дети, беременные, лица с хроническими заболеваниями, пожилые люди.

Приозерское УЗПП

Здоровый образ жизни

ЧЕМ ЛУЧШЕ ПИТАТЬСЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИММУНИТЕТА В СЕЗОН ГРИППА И ПРОСТУДЫ?

Ни для кого не секрет, что наступает ежегодный сезон простуды и гриппа. Помимо вакцинации, защитить свой организм от простудных заболеваний и гриппа вам поможет элементарная забота о собственном здоровье, которая заключается в выборе правильных продуктов питания, способных укрепить иммунитет.

Когда дело касается здоровья, здесь, как и в футболе действует правило: лучшая защита — это нападение. Относитесь со всей ответственностью к собственному самочувствию. Выберите для себя здоровую диету, откажитесь от вредных привычек, таких как курение и употребление спиртных напитков. Это поможет укрепить иммунную систему, которая сможет с легкостью противостоять возбудителям заболеваний.

Первое и самое главное, вы должны выбрать здоровую диету, которая исключает суррогатные продукты питания, ослабляющие иммунитет. Так избыток жиров в рационе снижает активность иммунной системы. Сахар препятствует способности лейкоцитов противостоять вирусам и бактериям.

Далее вашему вниманию предлагаем несколько рекомендаций, о том, что следует включить в рацион питания, чтобы защитить организм от простуды и гриппа.

Овес, ячмень и другие цельные зерна
Клетчатка не только полезна для сердца и органов пищеварения, она также эффективна в борьбе с бактериями и вирусами. Бета-глюкан, компонент клетчатки (в частности овса и ячменя), способен активизировать белые кровяные тельца макрофаги и нейтрофилы, которые помогают иммунной системе защищать организм от вредных бактерий. Нутриенты также могут способствовать быстрому заживлению ран и более эффективному действию антибиотиков.

Суточная норма клетчатки должна составлять 25 граммов. Однако большинство людей получают едва ли 11 граммов — прежде всего из-за употребления рафинированных мучных продуктов и недостатка фруктов и овощей в рационе.

Вода, вода, вода
Пейте как можно больше воды зимой. Наш организм нуждается в воде, чтобы сохранять в слизистых оболочках тела влагу, которая предотвращает появление небольших трещин. Эти трещины опасны тем, что через них могут проникнуть патогенные микроорганизмы.

Чай
Некоторые люди не любят пить простую воду, в этом случае следует восполнять запасы влаги в организме чаем. В результате одного исследования выяснилось, что в крови людей, которые в течение 2 недель выпивали 5 чашек черного чая в день, содержание противовирусных интерферонов в 10 раз превышало подобные показатели в крови тех, кто пил индифферентные горячие напитки. Аминокислота, отвечающая за активацию иммунитета (L-Тянинин) содержится и в черном, и в зеленом чае — даже в их безкофеиновых вариантах. Другое вещество, которое содержится во всех чаях, алкиламин, способно держать Т-клетки иммунной системы в состоянии готовности для борьбы с бактериями и аллергенами.

Горячие напитки также показаны при простуде или гриппе, поскольку они открывают заложенные носовые каналы.

Грипп и простуда, поскольку они открывают заложенные носовые каналы.

Куриный бульон
Куриный бульон способен препятствовать перемещению клеток воспаления. Это важно, потому что симптомы простуды — это реакция на скопления клеток в бронхах. Аминокислота цистеин, которая высвобождается из курицы во время приготовления, по лечебным свойствам напоминает лекарство ацетилцистеин, помогающее выводить мокроту из бронхов.

Добавьте в бульон соль, даже если обычно вы стараетесь реже использовать этот продукт. Соль может также быть полезной при простуде, она уменьшает мокроту не хуже любого средства от кашля. Положите в бульон овощи и специи — получится отличное иммуностимулирующее средство.

Чеснок
Чеснок содержит активное вещество алицин, которое борется с инфекциями и бактериями. Во время очередного исследования пациентам на протяжении 12 недель давали чесночный экстракт, в результате число заболевших простудой сократилось на 2/3. Поэтому не поленитесь покротить немного чеснока в тот самый куриный бульон.

Рыба и морепродукты
Селен, минерал, содержащийся в ракообразных: устрицах, лобстерах, крабах и двустворчатых моллюсках, помогает лейкоцитам производить цитокины — протеины, удаляющие вирус гриппа из организма. Семга, скумбрия и сельдь богаты кислотами омега-3, которые снижают воспаление, повышая поступление воздуха и защищая легкие от респираторных инфекций.

Можете попробовать морские водоросли. В них содержится витамин С больше, чем в апельсинах. Этот витамин известен своими противовирусными свойствами и помогает сократить время болезни.

Говядина (и другие продукты, содержащие цинк)

В красном мясе содержится много цинка, важного питательного элемента, необходимого для развития лейкоцитов, которые распознают и уничтожают вредные бактерии и вирусы. Недостаток цинка увеличивает риск инфицирования. Тем, кто экономит на красном мясе, будет полезно узнать, что цинк содержится в морепродуктах, таких как устрицы и крабы, а также в витаминизированных овсяных хлопьях, печеных бобах, йогуртах и орехах (особенно в кешью).

И напоследок пара рекомендаций!

Если вы курите — бросайте! Сигаретный дым содержит более 4 000 химических компонентов, по меньшей мере 43 из которых — канцерогенные (вызывают рак). Курение также вызывает болезни сердца и легких. Хронические заболевания и изменения тканей внутренних органов, вызванные курением, подрывают иммунную систему.

Пора обратиться к физическим упражнениям. Сидячий образ жизни оказывает негативное влияние на здоровье. А всего 30 минут аэробики в день значительно поднимут иммунитет.

По материалам интернет-изданий РК

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕДІ

«ҚазАвтоЖол»ҰҚ» АҚ-ның Қарағанды облысының филиалы 2015 жылдың 3 желтоқсанында сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Приозерск қ., Кисунько көш., 11А үйі (Приозерск қ. №1 мектебі) мекен-жайы бойынша (ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес) «Орталық – Оңтүстік дәлізін «Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы», «РФ шекарасы (Екатеринборг) – Алматы, км 1905-1955 Гүльшат-Тасарал жол телімін, км 1955-2005 Тасарал-Сарышаған жол телімін, қайта құру жөнінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Хабарлама тұрғындарға таныстыру мақсатында жарияланады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуды сұраймыз: 8-7212-514309 – тапсырыс беруші «ҚазАвтоЖол»ҰҚ» АҚ Қарағанды облысының филиалы, 8-7142-507812 – жобаларлы даярлаушы «Қустанайдорпроект» ЖИ ЖШС.

СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Карагандинский областной филиал АО «НК«ҚазАвтоЖол» сообщает: 3 декабря 2015 года в 15:00 часов по адресу: г.Приозерск, Карагандинской области, ул.Кисунько д.11А (здание школы №1 г.Приозерска), состоятся общественные слушания (в соответствии с Экологическим кодексом РК) касательно объекта «Реконструкция коридора Центр-Юг «Астана-Караганда-Балхаш-Алматы», а/д «Граница на РФ (на Екатеринбург) - Алматы», км 1905-1955 участок Гульшат-Тасарал, км 1955-2005 участок Тасарал-Сарышаған.

Информация публикуется с целью ознакомления населения. По всем вопросам обращаться по тел.: 8-7212-514309 – заказчик проекта Карагандинский областной филиал АО «НК«ҚазАвтоЖол», 8-7142-507812 – разработчик проекта ТОО ПИ «Қустанайдорпроект».

30 ноября 2015 года в 15.00 часов в Акимате города Приозерск Карагандинской области, войсковой частью 03080 МО РФ проводится **общественное слушание** проекта «Плана мероприятий по охране окружающей среды войсковой части 03080 МО РФ на 2016-2025 годы».

За подробной информацией обращаться по телефонам: 8(71039)5-23-23, +7 777 680 98 70

Командование в/ч 03080 МО РФ

С Е Н И М Т Е Л Е Ф О Н Д А Р Ы

Т Е Л Е Ф О Н Ы Д О В Е Р И Я

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:

Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97**График приема граждан:**

Акім города - еженедельно по

понедельникам с 17.00 часов

Заместитель Акіма (коммунальная сфера) -

еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акіма (социальная сфера) -

еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ сенім телефоны:

(871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау

кестесі - Бейсенбі сағат

15.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринария города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем

отдела - Четверг с 15.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и

градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының білім беру бөлімі» ММ сенім телефоны 5-41-90

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00 - ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-41-90

График приема граждан начальником отдела: вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі- Сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела- Среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі - Дүйсенбі - Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 53218.

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник - Пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ - нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**Телефон доверия РГУ «Приозерского городского управление по защите прав потребителей» 5-41-13****«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-19, 5-24-87**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 часов.

К С В Е Д Е Н И Ю Н А С Е Л Е Н И Я

УВАЖАЕМЫЕ потребители коммунальных услуг!

Уведомляем Вас о том, что представителями (техниками) Услугодателя (КГП «УЖКР») будут производиться поквартирные обходы на предмет выявления незаконного подключения к теплоисточнику, в том числе незаконный слив горячей воды, неразрешенное расширение секций к радиаторам.

В рамках ст.38 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» убедительно просим Вас допускать в жилищные помещения представителей Услугодателя для проверки радиаторов.

Администрация КГП «УЖКР»

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!**ПОДОРОЖАЛ БЕНЗИН?****Попробуйте катализатор MPG-BOOST™.**

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

MPG-BOOST™ способствует:

- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
- усовершенствованию увлажнения;
- снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения обращаться по телефону:

+7 (702) 604-02-60

(возможно приобретение пробной дозировки)



Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У *** О Б Ъ Я В Л Е Н И Я

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ**Продам**

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен.

Обращаться по телефону: 87054617098,

87788541589, 87051795301

блокофара левая, б/у на Мазда- 626

(переходка)

Обращаться по телефону: 8707 204 02 60

НЕДВИЖИМОСТЬ**Продам**

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.

Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

3-ком. квартира, 4 этаж, с ремонтом, по адресу: ул.Балхашская, д.2, кв.16. Цена договорная. Полная информация по телефону: 8 701 443 60 09

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.

Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98, 8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40

Рассмотрим варианты!**УСЛУГИ**

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мад. Тел. 87026988613

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:

ул. Космонавтов, 5-107,

телефон: 5-50-81

Время работы:

с 10.00 час. до 19.00час.

Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр

занись по телефону:

8-778-854-18-33

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 45/430 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.